

ӘОЖ 002.2(091)

Ө. Әбдиманұлы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: abdimanuly@gumbler.ru**«Қазақ» газетінің тарихы**

Аңдатпа. Жалпы «Қазақ» жарық көрген 1913 жылы қазақ ұлттық баспасөзі үшін жаңа бір өрлеу жылы десе де болады. «Қазақстан» газеті қайта шыға бастаса, 1913 жылдың сентябрь айынан Петропавл қаласында екі тілде (қазақ, татар) «Ешім даласы» газеті бір жыл шамасы шығып тұрды. Бұл газет шағын көлемде, жетісіне үш рет «Ишимский край» газетінің баспаханасында басылып тұрды.

Яғни 1913 жылы қазақ оқырмандарына 4 басылым ой тастады: «Айқап», «Қазақстан», «Қазақ», «Ешім даласы». Бұлардың ішіндегі беделдісі де, мол тираждысы да «Қазақ». Бұл газет қазақ зиялыларының 1905 ж. күресіне адалдығын сақтаған, қазақ халқының ұлттық тұтастығын, ел мен жер бірлігін жақтаған, сол арқылы бостандық жолындағы күрестен айнымаған басылым болды. Яғни бұл басылымның төңірегіндегі зиялы қауым таптық мүддені емес, жалпыұлттық, жалпыдемократиялық мақсаттарды жүзеге асыруға күш салды. Сондықтан да «Қазақ» алғашқы бейресми жалпыұлттық саяси газет болып табылады.

Түйін сөздер: «Айқап», «Қазақстан», «Қазақ», «Ешім даласы» басылымдары, қазақ ұлттық баспасөзі, қазақ зиялылары, Шәңгерей Бөкеев, редактор Елеусіз Бурин, көрнекті қайраткерлер Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, көрнекті ағартушы-демократ Мұқамеджан Сералин, «Азамат серіктігі».

XX ғасырдың басында қазақтың саяси күрес сахнасына шыққан қазақ зиялылары әлеуметтік құрамы жағынан біркелкі еместін. Олардың құрамындағы төменгі және орта деңгейдегі топтардың өкілдері алғашқы кезде жалпыұлттық ұрандар жетегінде біртұтас күш ретінде күреске шықты. Ұлт зиялылары бірлікке әкелген, тұтас күшке айналдырған патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына деген өшпенділік. Сондықтан да «Алашская интеллигенция по всей природе была плотъ от плоти, кровь от крови байства» [1, 13-б.] деген қара дүрсіндеу тұжырымның терістігінде күмән жоқ.

Бағыт айқындылығын, мақсат бірлігін ұғынысқан қазақ оқығандары бас біріктірген соң өз ой-пікірлерін халыққа жеткізер баспасөздің

болуын қалауы табиғи нәрсе. Сондықтан да олар осы бір патша-әкімшілігі жібіген жылымық кезеңді әдеби-публицистикалық қызмет ісіне еркіндік алу үшін пайдаланып қалуға ұмтылды.

Жалпы ұлт аймақтарының баспасөз ісінің дамуына тек әкімшілік орындары ғана емес, орыс зиялыларының миссионерлік идеяны көздеушілері де қарсылық көрсетіп келгенді. Мысалы, «Дала уалаяты» газеті «Асмолинские ведомости» газетіне қосымша ретінде алғаш қазақ тілінде жарық көргенде, миссионер Н.И. Ильминский оған ашық қарсылық білдірген. Өзінің қасиетті синод обер-прокурор К.П. Победоносцевқа (1827-1907) жазған хатында (16 декабрь, 1889) ол қарсылығын былай дәлелдейді: «Об особом «Прибавлении»

к Акмолинским ведомостям» я давно писал Г.А. Колпаковскому, что эту газету надо ограничить – официальную лишь частью, а неофициальную часть лучше бы прекратить, ибо при не умелых и необразованных переводах (в доказательство чего я привел ясные примеры), требующих бдительного наблюдения и опытного руководства, рискованно отваживаться на помещение трудных научных и политических статей... Если нынешний степной генерал-губернатор более чем его предшественник удосужится следить за киргизской газетой, он, быть может, благоустроит направление или ограничит ее содержание».

Қазақ журналистикасы тарихындағы толыққанды басылым болып табылатын, ұлтының бостандығы жолында табанды күрес жүргізген саяси орган ретінде танылған баспасөз 1911 жылы дүниеге келді. 1911 жылдың 11 январында Троицк қаласында қазақтың тұңғыш ұлттық журналы «Айқап» жарыққа шықса, көп ұзамай, алдымен, Бөкей ордасында, 5-санынан бастап Орал қаласында шыға бастаған «Қазақстан» газеті қазақ оқырмандарының қолына тиді (16 март). «Қазақстан» газетінің 1911 жылдың 16 наурызынан 1913 жылдың шілдесіне дейін 18 саны жарық көрді. Газеттің шығуына тікелей септігін тигізіп, оның шығарушысы ретінде танылған Шәңгерей Бөкеев, редакторы Елеусіз Бурин болды.

1905 жылдан бастап қазақ даласын шарлаған төл баспасөз ашу идеясы бірте-бірте жеңіске жетіп, шындыққа айнала бастады. Алғашқы әрекеттердің сәтсіздікке ұшырауы күрескер-зиялыларды мойытудың орнына қайрай түскендей болды. Мұның өзі олардың күрескерлік белсенділіктерінің белгісі еді. Осынау идея тұтастығы мен берік бірлікті күрес нәтижесінде қазақ тарихында елеулі еңбек атқарып, ұзақ ғұмыр сүрген қазақ баспасөзінің қос жарық жұлдызы «Айқап» пен «Қазақ» дүниеге келді.

«Қазақ» газетінің жарық көруі – ең алдымен жоғарыда аты аталған қазақ ұлтының өркендеуін өмірлік мақсатына айналдырған көрнекті қайраткерлер Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовтардың тынымсыз еңбек, риясыз күресінің нәтижесі. «Қазақ» газеті шығар тұста қазақ зиялылары арасындағы революция жылдары жалпыелдік ұрандармен бірлікке беттеген идеялық бағыттар

мен көзқарастар жігі ажырап, жол айрығында тұрғанды. Мұнда екі үлкен саяси топтың ерекшелене бастағанын байқаймыз. 1905-1907 жылдардағы жалпыазаттық, жалпыелдік ұрандар біріктірген әр текті зиялылар қауымы идеялары мен бағыттарын айқындай түсті.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ зиялылары арасындағы әртүрлі саяси ағымдардың айырымын тану осы кезеңге арналған зерттеулерде әрқелкі. Мәселен, философ-тарихшы Қ. Бейсенбиев жалпы осы дәуірге тән идеялық ағым, саяси бағыттарды былайша жіктейді: «По нашему мнению», они могут быть сформулированы и выражены в следующих идейно-политических течениях: религиозно-мистическое, консервативно-буржуазное, прогрессивно-буржуазное» [2, 8-9 бб.]. Осы бір кезеңді жан-жақты зерттеушілердің бірі – академик Зиманов бұған қарсылық білдіреді: «Представить дореволюционное казахское общество высокообразованым в идейном отношении, нечего сказать, намерение благое. Однако, нельзя отрываться от исторической действительности. Отдельные оморфные идейные образования, слабые веяния различного толка и оттенка, случайные суждения отдельных лиц нельзя выдавать за законченные общественные, отличные друг от друга идейные течения», – деп бір қайырып тастап, «Национальную интеллигенцию занимали общепросветительские идеи, общие идеи хозяйственного устройства и переустройства, идей ограничения произвола официальной администрации, которые имели не групповое, не сословное, а преимущественно общенациональное значение» [3, 88-б.], – деп өзіндік көзқарасын түйіндейді.

Әрине, пікірлердің дұрыс-бұрыстығын аңдаудан бұрын, олардың жазылған кездеріне назар аударған жөн. Тоқырау тұсында жарыққа шыққан бұл еңбектерде анықты айту, аққараны айыру қиын-ды. Дегенмен жалпы методологиялық ақиқат тұрғысынан келгенде қос пікірдің екіншісінің шындыққа жақындығы рас. Жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ зиялылары арасынан алғашқы пікірдегідей бірнеше идеялық-саяси ағымдарға бөлу қайшылыққа ұрындырады. Ал екінші пікірдегі әртүрлі бағыттағы топтардың болуы шындыққа жақын. Бірақ С. Зимановтың бұл топтар сол бұйығы күйінде қалды, белгілі идеялық бағыт-бірлігі бар, халық сеніміне ие болған, жұртшылықты

соңынан ерте білген идеялық-саяси ағымдар болмады деуі сенімсіздеу.

Осы бір жайт жөнінде сталиндік репрессияға дейінгі еңбектерде шындық ашық жазылып, қазақ зиялыларының саяси-идеялық екі үлкен арнасы болғандығы және олардың елеулі рөл атқарғандығы нақты көрсетілген. Мәселен, белгілі де беделді тарихшы С. Аспандияров қазақ зиялылары арасындағы идеялық ағымдар туралы: «Казахская интеллигенция разбилась на две основные группы. Одна часть, группировавшаяся вокруг журнала «Айкап» (М. Сералин, Д. Сейдалин), стояла на пантюркистской позиции блока с татарской буржуазией, за объединение всех тюрков. Она выдвигала требования оседания казахского населения и стояла за развитие татарских новометодных школ. Другая группировалась вокруг газеты «Казах», начавшей выходить в 1913 г. (Букейханов, Байтурсынов, Дулатов и др.). Эта часть требовала развития казахского языка, считая что «блок с татарами» приведет к ассимиляцию. Эта группа была и против оседания, полагая, что резкое изменение казахского хозяйственного быта отразится крайне вредно и болезненно на казахском хозяйстве» [4, 225-б.], – деп жазып, екінші топтың беделдірек болғанын «Вторая группа, более многочисленная...» деген сөзімен шет жағалап білдіре кетеді.

Бұдан сәл бұрынырақ Т. Рысқұлов та осы пікірді алға тартқан-ды: «В 900-х годах роль предводителя и выразителя национальных интересов начинает играть зарождающаяся казахская национальная интеллигенция. ...Это течение (националистическое течение интеллигенции во главе С.А. Букейхановым, А. Байтурсыновым и др.), группировавшееся вокруг газеты «Казах» побеждает панисламически настроенную группу интеллигенции, объединившуюся вокруг журнала «Айкап». ...кладет начало оформлению литературного казахского языка и т. д. Подготавливая союз казахской верхушки с либеральной русской буржуазией, эта интеллигенция в то же время высказывается против обрусительной политики царизма, земельных захватов и ряда других недостатков» [5, 159-160 б.].

Мінеки революция алдындағы қазақ оқығандарының қимыл-әрекетімен жіті таныс әрі тарихи оқиғаларға талдау жасап, орнықты пікір айта білер тарихшылар қазақ қоғамындағы

саяси-идеялық қозғалыста екі түрлі топтың болғандығын сонау кездің өзінде-ақ нақты көрсетіп отыр. Мұны батысшылдық топтың басшыларының бірі Әлихан Бөкейханов кезінде сөз арасында болса да ескертіп кеткен-ді. Саясат тамыршысы қазақ зиялылары арасындағы топтардың бірте-бірте алшақтап бара жатқандығын жіті аңғарып, 1910 жылы-ақ мұның неге алып барып соғары жөнінде өзінің ойын былайша білдіреді: «Жақын болашақта, шамасы, далада, қазақ ортасында пайда бола бастаған екі саяси ағымға сәйкес екі саяси партия ұйымдасып қалар. Олардың бірі – діни-ұлттық деп аталуы мүмкін және оның мұраты қазақтарды басқа мұсылмандармен діни тұрғыдан біріктіру болып табылады. Екіншісі – батыстық бағыт, олар қазақ даласының болашағын кең мағынадағы батыстық мәдениеті жүзеге асырумен байланыстырады. Алғашқысы, шамасы, үлгі ретінде мұсылман, татар партияларын алар, ал екіншісі оппозициялық орыс партияларын, соның ішінде халық бостандығы партиясын алар»[6, 5-б.].

Алғашында олардың айтысы маңдайға біткен жалғыз журнал «Айкап» беттерінде өрбіді. Бұл журнал 1911 жылдың январынан 1915 жылдың августына дейін Троицк қаласында шығып тұрды. Оның барлығы 83 саны жарық көрді. Редакторы – көрнекті ағартушы-демократ Мұқаметжан Сералин. Ол түрікшілдікті жақтаған топ жағында тізгін ұстады.

«Айкап» бетіндегі түрлі айтыстар, батысшылдық топтың өз басылымын ұйымдастыруға итермеледі. Және мұның қажеттілігінің екінші бір себебі «Айкап» журналының өз мүмкіндігінен туындайтын «жарты айлық шабандылығында», сондықтан да өмірдегі өзгерістерге ілесе алмай қалып жатуында болса керек. «Қазақ» осы олқылықтардың орнын толтырудағы жаңа бір қадам болуы тиісті еді. Сондықтан да, «батысшылдар» идеялық-саяси бағыттарының мақсат-мәнін халыққа толық жеткізу үшін халықтың «көз-құлағына» айналар, шын мәніндегі газетаны шығаруды мақсат тұтты.

Жалпы, «Қазақ» жарық көрген 1913 жылы қазақ ұлттық баспасөзі үшін жаңа бір өрлеу жылы десе де болады. «Қазақстан» газеті қайта шыға бастаса, 1913 жылдың сентябрь айынан Петропавл қаласында екі тілде (қазақ, татар) «Ешiм даласы» газеті бір жыл шамасы шығып тұрды. Бұл газет шағын көлемде, жетісіне үш

рет «Ишимский край» газетінің баспаханасында басылып тұрды.

Яғни 1913 жылы қазақ оқырмандарына 4 басылым ой тастады: «Айқап», «Қазақстан», «Қазақ», «Ешім даласы». Бұлардың ішіндегі беделдісі де, мол тираждысы да «Қазақ». Бұл газет қазақ зиялыларының 1905 ж. күресіне адалдығын сақтаған, қазақ халқының ұлттық тұтастығын, ел мен жер бірлігін жақтаған, сол арқылы бостандық жолындағы күрестен айнымаған басылым болды. Яғни бұл басылымның төңірегіндегі зиялы қауым таптық мүддені емес, жалпыұлттық, жалпыдемократиялық мақсаттарды жүзеге асыруға күш салды. Сондықтан да «Қазақ» алғашқы бейресми жалпыұлттық саяси газет болып табылады.

Қазақ зиялыларының өзіндік баспасөзін өмірге келтіріп, сол арқылы қазақ ұлтының көкейкесті мәселелерін көтеріп, газетті ұйымдастыру орталығына айналдыруға ұмтылуы бірден-бір дұрыс бағыт, сара жол болатын-ды.

Қазақ халқының қоғамдық өмірінде, даму тарихында ерекше рөл атқарған «Қазақ» газеті 1913 жылдың 2 ақпанында Орынбор қаласында «Қаримов, Хусаиновтар баспаханасынан» шықты. Жоғарыда аталғандай, газет саяси орган болуымен қатар, қазақ мәдениеті, әдебиеті мен өнері, журналистикасының дамуындағы үлкен бір биік белес болды. «Қазақ» – ұлт азаттығы мен мәдени-ағарту жолында саликалы қызмет атқарған, тұшымды ой, татымды пікірлерге жол басшы, саяси үні батыл басылым.

«Қазақ» газетінің мезгілі... қазақ жұрты 1905 жылдың өзгерісін өткізіп, ел дертінің себебін ұғып, емін біліп енді қазақты оятып, күшін бір жерге жиып, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп, талап қыла бастаған уақытына келді... Бұл тұтынған жолында «Қазақ» газеті өз міндетін дөп атқарды» [7].

«Қазақ» жетісіне бір рет апталық газет ретінде шығып тұрды. Басылымның «Қазақ» аталуында екі түрлі мағына барлығы аңғарылады. Біріншіден, газет жалпы-ұлттық газет болғандықтан, мақсаты жері бөлшектеніп, елі бытырап жүрген қазақ халқын топтастырып, бір ортаға біріктіру болғандықтан да ұлт атын иемденіп «Қазақ» аталды. Екіншіден, кітаби, әдеби, ғылыми айналымда қазақ аты аталмай, қырғыз аталып келгендігі белгілі, сондықтан туған халқының төл атын қайта оралту

мақсатында, қазақ зиялылары өз баспасөзін осылай атауды мақұл көрген. Ахаң сөзімен айтсақ: «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетамыздың есімін «Қазақ» қойдық» («Қазақ». – 1913. – №1). Мұның өзі газеттің символикалық белгілерінен де көзге шалынады. «Қазақтың» бірінші бетінің оң жақ шекесіне қазақтың киіз үйі, оның етегінде ірі араб графикасымен «Қазақ» деп жазылған. Газет үлкен форматты, 4 беттік болып жарық көрген. Тұрақты айдарларының ішінде «Ішкі хабарлар», «Сыртқы хабарлар», «Басқармадан», «Өлең-жыр» үнемі сақталған, кей-кейде «Оқшау сөз» айдарымен де мақалалар жарияланған, ал тарихи, қоғамдық өзгерістерге байланысты «Соғыс», «Газеталардан» деген айдарлары болған. Сонымен қатар келелі ойлар, кең толғаныстар бас мақалаларда айтылып, оларда көбіне саяси-әлеуметтік тақырыптар сөз болған. Ал экономикалық, шаруашылық және мәдени-ағартушылық мәселелерін сөз етер мақалалар бірнеше нөмірлерге жалғасып, сериялы түрде шығып отырған.

«Қазақтың» бірінші санында оқырманға арнап жазған «Хурметлу оқушылар!» атты мақаласында Ахмет Байтұрсынов газеттің қоғам өмірінде атқарар айрықша рөлін айқындап өтеді. Мұнда газеттің аса бағалы 4 қасиеті сараланған: «Әуелі газета халықтың көзі, құлағы һәм тілі... Екінші – газета жұрттың ылақбасына қызмет ететін нәрсе... Үшінші – газета халыққа білім таратушы. Төртінші – газета халықтың даушысы... Жұрттың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газета арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шұқытпасқа тырысады» («Қазақ». – 1913. – №1).

Бұл бас мақала жалпы газеттің емес, тікелей «Қазақ» атқарар, алға қойған орасан зор істердің қысқа программалық нұсқасы десе болғандай. Сол тұстағы қазақ басына төнген үш қатер: жерден айырылу, бас біріктіретін саяси биліктен айырылу не ана тілінде оқымай, не орыс тілінде жарытып білім алмай, сарсаң күйге салып қойған патшалық саясат бүтіндей бір халықтың ұлт ретінде жойылып кету тығырығына жеткізген болатын. Газет оның соңғы үміті, соңғы тірегі тұғын. Сондықтан да Ахаң «Сөз қару; ...сөзін жұртты түзеуге жұмсай бастаған жұрттың өзі түзелуге бет алғанын көріп тұрмыз», – деп жазды осы мақаласында.

«Қазақ» газетінің бас жазушысы (редакторы) Ахмет Байтұрсынов, шығарушысы (издатель) Мұстафа Оразаев болды. Газеттің ол кезде де қазақ даласынан тыс жатыр деп саналатын, кейінгі астанада Орынборда дүниеге келуі сарабал санаткер, көшбасшы күрескер Ахмет Байтұрсыновтың өмір жолының сол бір кезені осы қаламен тағдырласып қалуына байланысты болса керек.

1905 жылдан кейінгі оқиғалар барысында халық қамын жеген қайраткер ретінде көзге түскен Ахмет Байтұрсынов 1913 жылдар кезеңінде саяси күрес аренасында көсемдердің бірі ретінде танылған еді. Кейінгі зерттеулерде көбіне айтылмай немесе біржақты қаралған Байтұрсыновтың қызметінің бұл қыры жаппай жазалауға дейінгі зерттеулерде, ғылыми басылымдарда айтылып отырған. Мәселен, 1929 жылы Мәскеуде шыққан «Әдеби энциклопедия»: «Перед революцией 1905 г. принимает «участие в революционном движении. С 1905 г. является руководителем революционных казахских масс. В период реакции продолжает свою борьбу в подпольных организациях» [8, 305 б.], – деп тайға таңба басқандай етіп жазылған.

Бұл қысқа анықтаманы патша әкімшілігінің деректері бекіте түседі. Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Сухомлинов Россия ішкі істер министрлігіне жолдаған хатында: «...Байтұрсынов 1905 жылдан бері Қарқаралыдағы өз пәтерінде және аралаған ауыл мектептерінде қазақтарды ештеңе төлемеуге, қандай жағдайда да шаруа күйіне көшпеуге үгіттеп, қазақ арасында мазмұнды қылмыстық іс таратты, ал облыстық басқармаға алымды жинамауға кеңес беріп, Россиядағы миллиондаған шаруаларға түк істемей отырғанын көрсеткен», – деп жазды.

Қазақ зиялыларының бостандық жолындағы үлкенді-кішілі істерінде А. Байтұрсыновтың өмірбаянынан, шығармашылығынан көп мағлұмат берген қанаттас серігі Міржақып Дулатов Ахаң өмірінің бұл кезеңіне байланысты «...күрескерлер арасында сатқын бар екен (Т. Шыңғысов), ол А. Б-ны және оның жолдастарын ұстап береді. Осылайша, 1909 жылы июльдің бірі күні жандармдар А. Б-ны үйін тінтіп, оны тұтқындайды. 1910 жылдың 21 февраліне дейін Семей түрмесінде отырған А. Б-ға екі жылға дейін қазақ жерінің шекарасынан оның жер аударылғандығы туралы шешімді жария етеді» [9, 20-б.], – деген дерек береді. Қай жерде тұруды

қалау еркі Байтұрсыновтың өзіне берілген соң, ол Орынборды қалайды.

Себебі бұл кезде Россияның шығысқа шығар қақпасы Орынбор қаласы шығыспен батыстың кіндігі іспетті саяси орталық ордасы болатын. Мұнда татар зиялыларының күшті тобы топтасқан-ды. Және «Қазақтың» бірінші санында Ахаң тілге тиек еткен «...татар қандастарымыздың 30 шамалы газета, журналдарының» он шақтысы осында шығып тұратын. Алыстан болжап, ақылмен шешетін А. Байтұрсыновтың араб графикалы, мұсылман тілді, газет шығаруға қолайлы баспахана, т.б. алғы шарттар жетерлік Орынборды қалауындағы негізгі мақсат – жалпықазақтық баспасөз шығару еді.

Мемлекеттік Думаның жұмысына қатысқан мұсылман делегаттарының көбі Қазан-Орынбор баспа орындарымен тікелей байланысы бар жандар еді. Осы мұсылман фракциясында жұмыс істеген делегаттардың көпшілігі кейін мұсылман партиясының Орталық комитетіне мүше болып сайланды. 1906 жылғы 16-21 августінде өткен III мұсылман съезінің шешімімен сайланған бұл Орталық комитеттің 8 мүшесі газет-журнал айналасындағы басшылар мен іскерлер. Олар «Үлфәт» және «Тилмиз» газеттерінің редакторы Рашид Ибрагимов, «Қазан-Мүкбири» газетінің қызметкері О. Ақчурин, «Тәржіман» газетінің редакторы Исмаил Гаспринский, «Каспий» газетінің редакторы, «Гейт» газетінің шығарушысы Али-Марданбек Топчибаев, «Юлдуз» газетінің редакторы Хади Максұтовтар болатын. Олардың қазақ газетінің жарық көруіне септігі тигендігі шындық.

Негізінен, «Қазақ» газетінің тікелей дайындығының ауыртпалығын көтерген – Ахмет Байтұрсынов. Өйткені газеттің шығуына алғашқы дайындықтар басталып, жұмыс қызған шақта Әлихан Бөкейханов Самараға жер аударылған болатын (1909), ал Міржақып Дулатов Семей түрмесінде жатқан-ды. «Қазақ» жариялаған жандармдық деректерде бұл жайттар былай сипатталады: «Дулатов 1911 жылы июль ішінде «Оян, қазақ!» атты кітабын таратқаны үшін Семейде абақтыға жабылды. 103 һәм 129 статьялар бойынша айыпталып, Семей окружной судының үкімі бойынша 19 крепоста отырды» («Қазақ». – 1917. – № 247).

«Ахмет Байтұрсынов 1910 жылы 10 мартта Орынборға келісімен Торғай-Орал қоныс-

тандыру партиясына айына 60 сомға еркімен жұмысқа кірді», – деп жазды жоғарыға жолдаған құпия мәлімдемесінде Орынбор жандармериясының бастығы Бабич. «Қазақ» газетінің 1913 жылдың басында жарық көргендігін еске алсақ, онда Ахаңа газет шығару дайындығына 3 жылдай уақыт бөлуге тура келгендігін есептеп шығару қиын емес. Өйткені Орынбор губерниясының губернаторы Н.А. Сухомлинов А. Байтұрсыновтың бұл қызметке 1913 жылдың 15 январында бекітілгенін айтады. 1912 жылдың аяғында түрмеден шығысымен Орынборға жеткен М. Дулатов газеттің алғашқы санын даярлауға (1913) кіріседі. Кейінірек «Қазақта» жарияланған «Қай жерде қалай?» атты мақаласында осы тұстағы өзінің қызметінің бір көрінісі туралы: «Өткен январь жұлдызының ақырында «Қазақ» шықпай тұрып, шығады деген хабарды естіген соң, Павлодар ауданында жатып, «Қазаққа» алушы қарастырдым; 4-5 күннен соң хабарды естіген Павлодар қазақтары өздері келіп жаздыра бастап, аз күннің ішінде 150-дей алушы болды» («Қазақ». – 1917. – №247), – деп жазды.

Тұңғыш салиқалы газет шығарудағы Ахмет Байтұрсыновтың ерекше еңбегін осынау қиынқыстау кезеңде үзеңгілес болған әріптестері аса зор бағалай білді. М. Дулатов: «Публицист ретінде А.Б. ешқандай қаражат қоры болмаса да 1913 жылдың басында, Орынборда шын мәніндегі тұңғыш қазақ газеті «Қазақтың» негізін қалап, оның бетінде қазақ халқының мұң-мұқтажын батыл сөз етіп отырды» [9, 21-б.], – деп шын көңілден мақтанышпен жазды.

А. Байтұрсынов және оның айналасындағы азаматтардың ерен еңбегі, істің көзін таба білер іскерлігі мен қабілеттілігі «Қазақ» газетін өз тұсындағы газет-журналдар арасында көркемділігі мен сапалылығы және таралымы жөнінен алдыңғы қатарға шығарды.

Газет алғашқы жылдың өзінде-ақ 3 мыңнан астам тиражбен тарады. Бұл жөнінде «Қазақта» берілген таралым ауқымы жайлы деректерге жүгінейік: «Торғай – 694, 2. Семей – 612, 3. Ақмола – 586, 4. Сырдария – 327, 5. Орал – 301, 6. Жетісу – 157, 7. Ішкі ордалық – 136, 8. Ферғана – 30, 9. Самарқан – 8, 10. Закаспий – 5, өзге жерлерден: 1. Орынбор – 37, 2. Уфа, 14, 3. Қазан – 13, 4. Қытай қазағы – 10, 5. Петербург – 9, 6. Түркия – 5, 7. Мәскеу – 3, 8. Томск – 3 және басқа – 57»². Көріп отырғанымыздай, қанатын

кеңге жайып, тамырын тереңге жіберген «Қазақ» тиражы – 3007 дана.

Сол кездегі «Айқап», «Қазақстан» басылымдарымен салыстырғанда бұл үлкен жетістік еді. Мәселен, беделді журнал болған «Айқап» туралы «Оренбургский край» жариялаған «Мусульманская печать» атты мақалада оның тиражы туралы: «...Солидный двухнедельник, имеющий небольшой 900–1200 экземпляров» [10, 70 б.], – деген мәлімет берілген. Осы салыстырулардан байқайтынымыз, «Қазақ» өз тұсындағы ең мол тиражды газет болғандығы шындық. Әрине, үнемі бірқалыпта сақталып, ұдайы өсіп отыруы мүмкін емес-ті. «Қазақ» та барлық басылымдарға тән құбылыс өрлеу, бәсеңдеу кезеңдерін басынан өткізді.

Қазақ жұртшылығының көңілін тауып, «...шыққалы берлі қазаққа не керегін, ол керегіне қолы жетуі үшін не керегін» («Қазақ», 1914, №51) жазып тұрған «Қазақ» осылай дүниеге келген еді. Енді алда жетілдіре түсу мақсаттары тұрды. Алғашқы кезеңде газет жолына екі ауырлық кесе-көлденендеп тұрды. Алдымен, қаржы мәселесі, сонан соң патша әкімшілігінің «қырағы көзі» – цензурасы. Әсіресе соңғысының ауыр соққандығын «Жер аудару» деген мақала басылған 9 нөмірінен бастап кешегі өзгеріске шейін тергеу, тексеру, тінтіу, абақты, штрафтан «Қазақтың» көзі ашылған жоқ» («Қазақ». – 1917. – № 247) деген сөздер дәлелдеп тұрған жоқ па?

Қаржы мәселесінде «Қазаққа» ел-жұрт көмегін аянып қалған жоқ. 1915 жылғы бірнеше сандарында көмек көрсеткен тілеулестерін атап керсетті де. Газеттің қаржы жағынан қиындықтан шығуының жолында «Азамат серіктігін» ашуы өте ұтымды болды. «Қазақ» газеті серіктікті ұйымдастырудағы мақсатын түсіндіру үшін 1913 жылдың желтоқсанында жазылған «Алаш азаматтарына» атты үндеу-хатта Ахмет Байтұрсынов: «Баспасөздің әуелі керектігін түсініп, білу қажет, екінші білгеннен кейін баспасөзбен жұрттың пайдалану жағын ойлап, іс қылу керек. Басқа жұрттарға қарасақ, олар мұндай істерді екі түрлі жолмен жүргізіп жатыр», – дей келе өздерінің екінші жолды таңдағанын айтады. Бұған себеп «әуелгі жолмен іс жүргізуге пұл міндетін көтерерлік қазақтан байлар шықпады. ...Байлар жомарттық қылмады деп қарап отыруға бола ма? Екінші жолмен іс жүргізуді ойлап тұрмыз. Қазақта кесек сома шығарарлық байлар аз болғанымен,

аз сомасымен, адамгершілігімен көмектессе серіктікке аз емес: «Қазақ» газетін мұнан былай Алаш азаматтарының серіктесіп қосылған пұлымен жүргізбекшіміз» («Қазақ». – 1913. – №42), – деп жазып, ой тастады.

Осынау Ахмет сөздерін оқи отырып, «Қазақ» қазақ байларының қолдауымен, солардың қаржысымен шықты, сондықтан да «солардың сойылын соқты» деген пікірсымақтың жалған екендігін кереміз.

«Азамат серіктігінің» ...басты мақсаты «Қазақ» газетінің аяғын нық бастырып, жүргізіп жібермек. Онан басқаларын кезінде шамамызға қарай көрмекпіз. Серіктікке кіретін азаматтарға лайықтағанымыз бір басына жүз сом», – деп жалғастырады одан әрі Ахмет ойын, сөйтіп, «Азамат серіктігіне» жалғыз байлықпен емес, көбі азаматтықпен кіріседі деп үміт етеміз», – деп түйіндейді. Ахаң бастаған абыройлы істі қазақтың алдыңғы қатарлы азаматтары көтеріп кетіп, «Азамат серіктігіне» кірді. Олар кімдер еді? «Қазақ» берген тізім бойынша олардың ішінен бүтін қазаққа таныс есімдерді тағы да кездестіреміз: М. Дулатов, А. Байтұрсынов, Бадрисафа Байтұрсынова, Арғынғазы Боштаев, Ғабдолла Нүсіпбаев, Ғалихан Бөкейханов, Мұхаметжан Тынышпаев, Әубәкір Алдияров, Бірмұхамбет Алдияров, Медеу Оразбаев, Қаражан Үкібаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Ғабдікен Құнанбаев, Тұрағұл Құнанбаев, Жәмила Бөленова, т.б. («Қазақ». – 1914. – №56).

Бұл кезде «Қазақ» шығарған басылымның ұзаққа бармасына үйренген жергілікті патша шенеуніктері «Қазақ» ұзамай жабылады деген үмітте болды. 750 сомдық («Қазақ». – 1914. – №49) ҚОРЫМЕН іске кіріскен газеттің ұзаққа бармасына сенген әкімшіліктің сенімі орынды да еді. Бірақ газет тиражы күрт түсіп кеткен жылдарды да бастан өткеріп, «мың өліп, мың тіріліп», феникстей түлеп отырды. Мұндай қиындықтар тұсында жазылған «Ауқатты алаш азаматтарына» деген мақалада: «газет биыл мың алты жүзге түсіп қалды... Он облыс қазақ ұлты үшін шыққан бір журнал, бір газет еді, журнал алдырушы аздығынан тоқталды, енді жалғыз газет қалды» («Қазақ». – 1914. – №115) – деп реніш-өкінішін білдіреді.

Ал 1915 жылғы 4 январьдағы санында жарияланған «Құрметті оқушыларымыз» атты мақалада жаңа жылдан бастап аптасына екі рет

шығатынын оқушыларына жеткізеді. Газетті жетісіне екі рет шығаруға кірісеміз дей келіп, Ахаң газет шығарудың қиындығына тоқтала кетеді: «Қазақша газет шығару қиын жұмыстың біреуі. Қиын екендігін «Қазақ» газеті шыққаннан кейін біліп отырмыз.

Заман тар, жер жолсыз, қалып тәртіпсіз, іс – құралсыз, халық – аңсыз. Заман тарлығынан газет ісіне қандай ауыртпалық барлығын оқушыларымыз айтпасақ та білер дейміз» («Қазақ». – 1915. – №93).

Бір бүйірден қаржы-қаражат қысып, оның қыспағынан бүкіл ел болып, көптеп көмектесуінің арқасында құтылса, жандармериялық цензура мен 1914 жылы 20 шілдеде пайда болған әскери цензура («Қазақ». – 1914. – №73) алдында бұл күш әлсіз еді. Ол күндерде «Қазақты» қай күні жауып тастайды, өзімізді қай күні айдап жібереді деген қауіп зор еді» «Қазақ» төңірегіндегілерде. Бұл туралы «Ахмет Байтұрсынов» деген мақаласында Міржақып Дулатов толыққанды мәліметтер келтірген: «Редакцияда жиі-жиі тінту болып тұратын, А. Б.-ны губернаторға не жандарм бастығына жиі жауапқа шақыратын. 1914 жылы «Қазақ» газетінің 80-нөміріндегі МВД. (ішкі істер министрлігі. Ө.Ә.) жасап ұсынған қазақ өлкесін билеу туралы Ережесін А.Б. сынағаны үшін («Қазақта» 1914 ж., 80-115 сандарында жарияланған «Закон жобасы» атты үлкен мақаласы. Ө.Ә.) Орынбор губернаторы Сухомлинов оған редактор ретінде 1500 сом айып салды, ал ондай сома төленбеген жағдайда А.Б.-ны 3 ай абақтыға жабумен алмастыру жөнінде бұйрық берді, 1500 сом төлеу газетті жабумен бірдей болғандықтан А.Б. денсаулығының нашарлығына қарамастан... кесімді мерзімге отыруға келісім берді. Қазанның 20-да А. Б.-ны түрмеге жапты.

Осы жолдардың авторы әртүрлі қалаларға телеграммалар салып, А.Б.-ның достарына хабар жіберді. Кешікпей редакция адресіне телеграфпен аударылған ақшалар жауып кетті, осының арқасында А.Б. айыпты толық төлеген соң, 4-5 күн отырмастан босатылды. «Қазақ» газеті бұдан кейін де талай рет әртүрлі сомаға, тіптен, кейде 3 000 сомға жетерлік (1916 ж.) айыпқа тартылды» (9, 23-24 б.).

Иә, «Қазақ» тарихы – еркіндік шежіресі. Жоғарыдағыға қосарымыз 1914 жылы 31 августағы 76 санында Бас мақаланың орны

ашық қалдырылып, бұған басқарманың кінәсіз екені (кімнің кінәлі екені белгілі) ескертілсе, 1914 жылғы 22 декабрьдегі 91-санында «Бұл қалай?» деген мақала үшін 50 сом айып немесе 2 апта абақтыға жабуға үкім шығарылған.

«Қазақ» газетінің соңына түсушілер қазақ арасында да кездесіп отырды. 1914 жылы 23 октябрьде «Ғали Алдабергенұлы, Садық Бекенұлы» деген белгісіз есімдерді жамылып, арызданушылардың жазбаларынан Міржақып өзінің «Қазақ» баспаханасы» деген мақаласында ұзақ үзінділер келтіреді. «Біз «Қазақ» газетінен өзіміз үшін хәм балаларымыз үшін қорқамыз. Төменшіктік жүзбен өтінеміз. Ахмет Байтұрсыновты хәм Мир Якуб Дулатовты Орынбордан айдап жіберсеңіз екен. Мұндай зиянды адамдар Орынборда тұрса, қазақпен хәм қазақ жастарымен араласпай тұрмайды» І. Бұл арызға желі болып тартылған күнелардың жалпы әуені осыған саяды. М. Дулатов келтірген екінші дерек – 1916 жылғы 12 августағы Орынбор жандарм мекемесінің бастығы полковник Кашинцевтің Орынбор губернаторына жазған 8680 нөмірлі құпия рапорты. Онда «Қазақтың» бас жазушысы туралы: «Ахмет Байтұрсынов 1909 жылы Қарқаралыда мемлекетке қарсы іс істегені үшін абақтыға жабылған адам. Министрдің жарлығы бойынша екі жылға жер аударылған. 1905 жылдан бастап, Байтұрсынов қазақты құтыртқан, алым төлеме, недоимке берме, 15-тен жер алма, өкімет ешнәрсе қыла алмайды деп» («Қазақ». – 1917. – №247), – деп жазылған.

Ахаң еткен әрбір істі жіпке тізгендей деректер Сухомлиновқа қазақтар арқылы келгендігі белгілі. Қай облыста болмасын, полицияның қазақ арасында жасырын тыңшылары болғаны рас. Патша әкімшілігінің кейбір қазақ қызметкерлері де осындай деректер берумен айналысқан. 1917 жылдың 2-8 апрелі аралығында Орынбор қаласында ашылған Торғай облыстық қазақтар съезінің мәжілістік хаты (протоколы) мынадай сыр тартады: «Прежде чем приступить к очередным делам, сотрудник газеты «Қазақ» Мир Якуб Дулатов с разрешения съезда охарактеризовал прошлую деятельность вероучителя средних учебных заведений города Оренбурга Абдрахмана Мачиева и переводчика Тургайского областного правления Мухамед-Яра Тунганчина, состоявших на службе в качестве агентов местного жандармского управления...

По выслушиванию заявления Дулатова съезд постановил Мачиева и Тунганчина, как лиц вредных обществу, исключить из собрания» [11, 15-б.]. «Қазақта» жарияланған «Қазақ халқының тұңғыш съезі» атты бас мақалада (12 апрель 1917 ж.) бұл оқиға туралы былай деп жазылған: «...Қазақ едім деп ойламаған, халықты ішкі үкіметпен бірге жеген, езген бұл күнде көлгірсігені сыртымен қуанғансып іште жүрген, газетке цензор болған, кезінде ел үшін етіліп жатқан істі ескермеген Ғабдрахман Мочиев пен губернатор переводчигі Мұхамеджар Тунганчинді съезге жолатпауды тілеп... ішімізден шықсын, қарасын көрсетпесін деп Мұхамедияр Тұнғаншинді қуып шықты. Мачиев Орынборда жоқ еді» («Қазақ». – 1917. – №225).

Тұнғаншиннің «Қазақ» газеті турасында істеген «жақсылықтары» жайында інісі Ахмет Тұнғаншин осы съезде ақтай сөйлеп: «Бір күні ағамның үйіне барсам, ол кісі «Қазақ» газетінің бір мақаласын аударып отыр екен. Мұны неге аударасың дегенімде, ол: қайтесің, губернатор аудар деген соң аудармасқа амалым бар ма? – деді», – деп шындықтың бетін ашады.

«Қазақ» 1913 жылдың февралінен 1918 жылдың күзіне дейін шығып тұрды. Қазақтың ұлттық баспасөзінің қалыптасу дәуірінде мұндай ұзақ уақыт жарық көріп тұрған басылым жоқ. Оның осы 5 жылға созылған аз ғұмыры тарихи оқиғалардың бай шежіресімен оны қазақ ұлтының энциклопедиялық басылымына көтерді. Қазақ қоғамының сан саласына көз жіберіп, қалам сілтеген оның публицистері бас жазушы Ахмет Байтұрсынов басшылығымен дәуір сүретін неғұрлым шынайы бейнелеуге тырысты.

Патшалық Россия тұсында бірнеше рет тоқтатылып, бірақ жабылмаған «Қазақ» газетін толық жабу туралы бірінші нұсқауды Кеңес үкіметі берді. Омбы атқару комитетінің 1918 жылы 4 мартта Орынбор Совдепіне берген телеграммасында: «В виду того, что киргизский орган партии Алаш «Казах» является контрреволюционным, открыто выступает против Советской власти, организуя Алаш-Орду, просим немедленно закрыть газету» [12, 95-б.], – деген сппатта нұсқау жолданды.

Бұл үкім жедел түрде жүзеге асырылды. Сөйтіп, «Қазақ» өзінің 265 санынан кейін тоқтатылды. Бұл ұлт аймақтарындағы «өзгеше» ойлаушылардың болашақта түбіне жетер тұңғыш соққы еді.

Осылайша кенестік қудалаудың сталиндік сипаттары алғаш көрініс тауып, болашақ «халықтар кесемі» басқарған Ұлттар Комиссариаты 1918 жылы ондаған контрреволюциялық деп табылған ұлттық ұйымдарды, қоғамдық және баспасөз органдарын жапты [13, 74-б.]. Бұл науқан, әрине, Сталинге тән «у нас рука не дрогнет» тәсілі арқылы, алдымен, мылтықтың күшімен, сонан соң «қаламның ұшымен» жүзеге асты.

Әдебиеттер

- 1 Брайн С., Шафиро Ш. Очерки по историей Алаш Орды / под редакцией Н. К. Ванаг. – Алма-Ата, 1935. – 297 с.
- 2 Бейсенбиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана (дореволюционный период). – Алматы: Казахстан, 1976. – 89 с.
- 3 Зиманов С. В. И. Ленин и советская национальная государственность в Казахстане. – Алма-Ата, 1970. – 88 с.
- 4 Асфендияров С. История Казахстана (с

древнейших времен.) т. I. – Алма-Ата-М., 1935. – 257 с.

- 5 Рыскулов Т. Избранные труды. – Алма-Ата: Қазақстан, 1984. – 377 с.
- 6 Букейханов А. Киргизы // Казахи орусских до 1917 года. – Оксфорд, 1985 – 167 с.
- 7 Әуезов М. (Қоңыр), Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі // Шолпан. – 1923. – № 4-5.
- 8 Литературная энциклопедия. Т 1. – Москва: Ком. Академия, 1930. – 577 с.
- 9 Труды общества изучения Киргизского края. – Вып. III. – Оренбург, 1992. – С. 20-27.
- 10 Зиманов С., Идирисов К. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 70 с.
- 11 Мартыненко Н. Алаш Орда (Сб. документов), Документ №11. – Кызыл-Орда, 1929. – 167 с.
- 12 Победа Вел. Окт. Революции в Казахстане и образование КазАССР, документ №46. – Алма-Ата, 1947. – 197 с.
- 13 Песекина Е.И. Народный Комиссариат по делам национальностей и его деятельность в 1917-1918 гг. – М., 1950. – 274 с.

О. Абдиманұлы История газеты «Қазақ»

Статья посвящена истории создания казахской национальной газеты «Қазақ», которая впервые была опубликована в 1913 году. Наряду с газетой «Қазақ» в свет вышли такие издания, как «Айқап», «Қазақстан», «Ешім даласы». Но самым востребованным и многотиражным изданием стала газета «Қазақ». Она сохранила верность идеям борьбы казахской интеллигенции 1905 г., и не переставала бороться за свободу во имя справедливости, выступая за единство и сплоченность казахского народа. Казахская интеллигенция, сплотившаяся вокруг общенародной газеты, выдвигала общенациональные, демократические цели, а не классовые интересы. Поэтому газета «Қазақ» является первым общенациональным и политическим изданием.

Ключевые слова: журнал «Айқап», газеты «Қазақстан», «Қазақ», «Ешім даласы», казахская национальная печать, казахская интеллигенция, Ш.Букеев, редактор Е.Бурин, видные деятели как А. Байтұрсынов, А. Букейханов, М.Дулатов, видный просветитель-демократ М. Сералин, «Общество Азамат».

O. Abdimanylu The history of “Kazak” newspaper

The article is devoted to history of creation of the Kazakh national newspaper “Kazak” which was published for the first time in 1913. Along with the newspaper “Kazak” to the public there were such editions, as “Aikap”, “Kazakhstan”, “Eshim dalasy”. But the newspaper “Kazak” became the most demanded and multiproduction edition. It kept fidelity to ideas of fight of the Kazakh intellectuals of 1905, and didn’t cease to fight for freedom for the sake of justice, supporting unity of the Kazakh people. The Kazakh intellectuals which have rallied round the public newspaper, put forward the national, democratic purposes, instead of class interests. Therefore the newspaper “Kazak” is the first national and political edition.

Keywords: “Aikap” journal, newspapers: “Kazakhstan”, “Kazakh”, “Eshim Dalasy”, Kazakh national press, Kazakh intellectuals, Sh. Bukeev, editor E.Burin, famous persons as A.Baytursynov, A.Bukeykhanov, M. Dulatov, prominent-democrat educator M. Seralin, “Society of Azamat”.